

ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ ЕЛ МҰРАТЫ

Қай елде болса да замана жүгін түсіне біліп, оны көтере алатын, тәуекелі мол азаматқа, дара тұлғаға сұраныс ерекше болатыны тарихтан белгілі. Оларға тән терең ой, кемел ақыл, биік рух, қайрат пен қабілет түрлі тарихи сынақтан шығудың қисынын тауып, елін өрге сүйреуге жол ашқан. Ұлыбританияда – Оливер Кромвель, Үндістанда – Джавахарлал Неру, Түркияда – Мұстафа Кемал Ататүрік, Сингапурда – Ли Куан Ю, Малайзияда Махатхир Мохамад елдерінің жаңа жолының көшін бастаған дара тұлғалар болды.

Сондай заңғар тұлғалардың бірі Әрі бірегейі, жеке-дара бітім-болмысымен, бөлек табиғатымен әлемді мойындатқан саясаткер, көшбасшы – еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Қазақстан Республикасы дамуының өзіндік моделі туралы Елбасы былай деген еді: «Біз бір рет таңдап, содан бері одан таймаған өзіміздің қазақстандық даму жолымен келеміз. Әлемдік тәжірибені сараптай және зерттей отырып, біз эволюция жолын таңдадық. Біз демократияның жедел, әсіресе сырттан енгізілуіне қарсымыз. Біз ешкімге де еліктеуге тырыспаймыз, біздің мемлекетімізге, біздің халқымызға керегін жасап жатырмыз. Және бұл қолымыздан келіп жатыр». Нұрсұлтан Назарбаев таңдап алған бұл байыпты бағыт Қазақстан үшін стратегиялық бағдарға айналды.



Жақында қабылданған Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы Декларациясы аса маңызды саяси әрі тарихи құжат болды. Онда Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың жасаған ерен еңбектері, тәуелсіз Қазақстанды құрудағы тарихи миссияны аса сәтті орындап шыққаны ерекше аталады. Тұңғыш Президентіміздің басшылығымен егемен еліміз қарқынды дамып, Мәңгілік Ел идеясы аясында зор саяси-экономикалық табыстарға жетіп отырғаны баяндалады.

Елбасымыз жеріміздің тұтастығын сақтай отырып, елдің іргесін сөкпей, татулық пен бірлікті, достық пен сыйластықты ту етіп көтеріп, тәуелсіздігі баянды, жасампаз Қазақстан мемлекетін құра білді. Сондықтан соқтықпалы, соқпақсыз кезде тыңнан түрен салып, өзіне сенім артқан жұртын өркениетке жетелеген, әлеуетті мемлекеттердің қатарына қосқан Президенттің орны ерекше.

Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы тану мүмкіндігі тәуелсіздік жемістерінің бірі екені сөзсіз. Рас, тарихи дамуға халық болмысы негіз болады, жеке тұлғаның өзі халықтың арасынан шығады.

Қазақстанға тәуелсіздік алып беру және оны әрі қарай дамыту Елбасымызға оңайға соқпады. Өйткені, ел тәуелсіздігінің баянды болуы мен болашақтың кемелділігін қамтамасыз ету жолындағы артылар жүкті абыроймен көтеру, халық сенімін ақтау, тәуелсіздікті тұғырлы ету, Қазақстанды әлемдік қауымдастықтағы терезесі тең елдер қатарына қосу батыл шешімдер қабылдауды қажет етті.

Өз заманында тарыдай шашылған қазақ руларын біртудың астына жинаған Абылай ханның қызметі қандай болса, жас мемлекетіміздің негізін қалауда Елбасымыздың еңбегі де соған пара-пар болатын.

Бұл туралы Елбасымыздың Абылай ханның 300 жылдығында айтқан мына сөздері дәлел: «Абылай, Керей мен Жәнібек хандар тіккен Қазақ ордасын еңселі ел ету ісіне саналы ғұмырын арнады. Оның қазақ халқының тұғыры берік, жұлдызы жарық ел болуын аңсап, осы қасиетті мақсатқа жету жолында найзаның ұшын ғана емес, дипломатияның күшін де жұмсаған заманының аса көрнекті ханы болғанына тарих куә... Айбарлы Абылай аңсаған асқақ арманға, ұлы мұратқа бүгінгі ұрпақ жетті. Байтақ өлкеміздің шекарасын заман талабына сай халықаралық нормалармен бекітіп, әлемдік қауымдастықты мойындаттық. Сол арқылы көршілерімізбен мәңгілік достыққа, өзара тиімді сауда-экономикалық, мәдени байланыстарға негіз қаладық. Бұл күнде ешқандай елдің Қазақ жеріне қатысты дауы жоқ. Ең бастысы, біз бабалар аманат еткен киелі жерімізде құрған мемлекетімізде ынтымағымызды сақтай білдік. Соның арқасында берекелі бірлігіміз төрткүл дүниеге мәлім болды. Есілдің бойына ел қондырып, еңселі Ордамызды орнаттық. Арқа төсіне әсем Астана салып, әлемге Қазақстан

деген абыройлы мемлекет ретінде танылды. Қазіргі жасампаз Қазақстан іргесі берік, ынтымағы мығым, төрт құбыласын тегіс мойындатқан Тәуелсіз мемлекетке айналды.

Егемен Қазақстанның мемлекеттік тетіктері өркениетті елдердің озық тәжірибелерін пайдалана отырып, өтпелі кезеңнің ерекшеліктері мен саяси, ұлттық жағдайларға байланысты қалыптасып құрылды.

Нұрсұлтан Назарбаев мемлекет басшылығына келген алғашқы сәттен бастап халықаралық және ұлтаралық мәселелер шиеленісінің шешуін асығыстыққа салмай, уақыттың талабына, қазақстандық жолдың ерекшелігіне үйлестіре, жан-жақты мүдделердің түйісу нүктесін таба білудегі даралығымен бірден әлем назарын аударды.

80-жылдардың аяғы мен 90-жылдардың басы бұрынғы Одақ құрамындағы елдердің азаттыққа ұмтылған уақыты еді. Ол заман қазіргі

посткеңестік кеңістіктегі басқа да елдер сияқты, Қазақстан үшін де үлкен бетбұрыстардың бастауы болды. Жұртшылықтың санасына қайта құру және қоғамдық жаңғыру тәрізді идеялар сіңе бастаған сәтте халық мұндай жұмысты істей алатын көшбасшысын дәл таныды.

1991 жылы 1 желтоқсанда қазақстандықтар демократиялық, өркениеттік жолмен тұңғыш рет Президент сайлады. Бұл қазақ тарихында бұрын-соңды болмаған оқиға болатын. Сол күні байтақ еліміздегі сайлау учаскелеріне халық жаппай ерекше үмітпен ағылып, сайлауға қатысқандардың 98,78 пайызы Н.Ә.Назарбаевты жақтап дауыс берді. Халық ықыласына бөленген Н.Ә.Назарбаев кемел келешекке батыл қадамдар жасап, сарабал саясат жүргізіп, елдің әрдайым биік асуларды бағындыруының басында тұрды. 1991 жылғы 10 желтоқсанда Республика Жоғарғы Кеңесінің сессиясында ол жасаған ұсыныстың негізінде Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Қазақстан Республикасы деп өзгертілді. Дәл сол күні Алматыда Президентті ұлықтау рәсімі өтті. 1991 жылғы 16 желтоқсанда Республика





Жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң қабылданды. Осылайша әлем картасында Қазақстан Республикасы атты жаңа мемлекет пайда болды. 1991 жылы 17 желтоқсанда Алматыдағы Республика алаңында өткен жиында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең-байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып, бірге өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне де жетеді. Тарих көші ұзақ. Асықсақ та аптықпайық. Қазақстанның көп ұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін», деп айтқан сөзінің бүгінгі күні шындыққа айналғанын көріп отырмыз.

Президент Н. Назарбаевтың 1991 жылғы тамыздың 29-ындағы «Семей ядролық полигонын жабу туралы» Жарлығы бүгінде дүние жүзіне мәлім тарихи фактіге және біздің ұлттық мақтанышымыздың мәніне айналды. Елбасы осылайша ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан-ақ, аймақтағы және әлемдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге аса ықыласты екенін айқын әрі нақты ісімен білдірді. Осындай қадамдары үшін Елбасын және Қазақстанды бүгінде барша әлем құрметтейді.

Қазақстандықтардың берік қолдауына арқа сүйеп, халқының жасампаздық күш-қуатына кәміл

сенген Тұңғыш Президент теңдессіз экономикалық және саяси реформаларды табысты жүргізуді қамтамасыз ете білді. Жаңа Астананы тұрғызу бастамасы мен оны ақиқатқа айналдыруы Н.Ә. Назарбаевтың модернизациялық жобасының басты табысының символы ретінде орнықты. Қазақстанның жаңа елордасы шын мәнінде, жаңа дәуірдің қаласы болып, елдің өткенінен болашаққа, жаңа дәуірге ауысуының ірі құбылысы саналады.

Н.Ә. Назарбаев саясатқа алып келген бірқатар принципті жаңалықтардың бірі – Президенттің Қазақстан халқына Жолдаулары. Жалпы, Жолдаулар басқа елдерде де қолданылады, бірақ олар әдетте міндеттердің белгілі бір шеңберінен аспайды да, жоғары

заңды органға ғана бағытталады. Ал Қазақстанда Мемлекет басшысының Жолдаулары бүкіл халыққа арналып, онда бүкіл елдің алдында міндеттер қойылады және елдің жан-жақты дамуының келер жылға, одан да ұзақ мерзімге арналған негізгі басымдықтары мен жоспарлары айқындалады.

Әрбір азаматтың өмірінің сапасын жақсарту, әлеуметтік қамсыздандыру, жастарға қолдау көрсету – бұл жайттардың барлығы Президенттің халыққа әр Жолдауында көрініс табады. Мемлекеттің дамуы қай бағытта өрбитінін айқын ұғына отырып, қазақстандықтар болашаққа сеніммен қарайды және өз өмірін сәтті жоспарлай алады.

Президент Н. Назарбаев әлеуметтік тұрғыдан бағдарланған нарықтық экономиканың тұжырымдамасын жасады. Оның жүзеге асырған экономикалық үлгісі әлемдік дағдарыс кезеңінде ең тиімді болды. Мемлекет басшысы жаһандық ауқымдағы саясаткер ретінде дағдарыстың қайнарларын зерттеп қана қойған жоқ, сонымен қатар, барлық деңгейде оны ығыстырудың жүйелік шараларын ұсынды. Қазақстанның дамуына әлемдік дағдарыстың ықпалын ырықсыздандырып, қалыпты өсу траекториясына дереу оралуға алғышарттар тудырды. Тағы бір өзекті



мәселе – Президент Н.Ә. Назарбаевтың зияткер ұлтты қалыптастыру бағыты. Жаңа көзқарастағы қазақстандықтарды тәрбиелеу адамзаттық капиталдың жаңа деңгейі – жаңа экономиканы қалыптастырудың басты тетігі болып табылады. Қазіргі таңда Қазақстан Елбасының салиқалы жүргізген саясатының арқасында әлемнің ең қарқынды дамыған 30 елінің қатарына нық қадам басты. Жаһандық мәселелерді талқыға түсіріп, жас мемлекетіміздің мерейін үстем етіп, абыройын асқақтатқан ЕҚЫҰ саммиті, Астана экономикалық форумы, Инвестициялық форум, Дүниежүзілік ислам экономикалық форум, т.б. ірі басқосудардың Қазақ жерінде өтуі – Тұңғыш Президентіміз, әлемдік сара саясаткер Нұрсұлтан Назарбаевтың халықаралық үлкен беделінің көрінісі екендігі даусыз. Осындай көшелі істердің жалғасы ЭКСПО-2017 көрмесін өткізу болып отыр. Адамзат ақыл-ойының тамаша табыстарының бірі – Бүкіләлемдік жетістіктер көрмесін ұйымдастырудың 160 жылдан астам тарихында Орталық Азия аймағы, тіпті ТМД мемлекеттерінің ешқайсысында да Халықаралық көрме жалауы желбіреп көрген жоқ.



Қазақстан Тәуелсіздігі мен Елбасы еңбегінің бір-бірімен тығыз ұштасып жатқандығын, олардың бір-бірімен ажырағысыз егіз ұғым екендігін тарих алдымызға тартып отыр.

Ел келешегін әріден ойлайтын Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың кемел саясатының арқасында бүгінде

ұлт пен ұлыстың мәртебесі асып тұр. Бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздегі жаңа қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психологиясы қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу отбасының, білім беру ошақтары мен барша қазақстандықтардың міндеті. Елбасымыздың: «Біз өзіміздің ұлттық ойлау жүйемізді, тарихи танымызды, рухани мәдениетімізді барынша

терең дамыта отырып, барлық салада рухани тәуелсіздікке жетуіміз керек» деген қағидасы жоғары оқу орындары студенттерінің өмірлік кредосына айналуы қажет. Осыған байланысты жоғары оқу орындарының оқыту-тәрбиелеу процесіндегі іс-қимылдары үнемі жаңа талаптар деңгейіндегі биіктен көрінуі абзал.

Ұлтымыздың тарихының түп қазығы саналатын, әулие қонып, нар шөккен киелі Тараз төрінде жадымызды қайта жаңғыртып, жастарымыздың бойында тарихи сана қалыптастырған Ұлы мереке Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы кең көлемде атап өтілді. Кеңінен тойланған бұл ұлттық мерекенің құрметіне іргетасының қаланғанына жарты ғасырға жуық уақыт өткен, білім мен ғылымның қарашаңырағы саналатын Тараз мемлекеттік





педагогикалық институтының жанындағы Ж.Баласағұн атындағы Түркістан өлкесін зерттеу орталығында «Қазақ хандығы» энциклопедиясы жарық көріп, үлкен игілікті істің тұсауы кесілді.

Қоғамдық дамудың түрлі кезеңдеріне тән мәдени-қоғамдық контекстермен үйлестікте өріліп келе жатқан білім беру жүйесінде алуан түрлі модельдер орын алып отырды. XXI ғасырдың заманауи білім беру жүйесі бүгінде инновациялық дамудың әлемдік интеграцияға бағытталған моделіне сай қалыптасу жағдайында.

Бүгінде 27 мамандық дайындайтын Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының базасында үш тілді білім беру, дуалды оқыту жүйесі, инклюзивті білім беру, мектепке дейінгі оқыту әдістемесіндегі тың бағыттар ғылыми айналысқа түсіп, кешенді ғылымның бір саласы ретінде балалардың өзін-өзі тану үдерісін жеделдетуде. Постиндустриялық қоғамда адам капиталы және руханият қоғамдық дамудың стратегиялық ресурсына айналды. Зияткерлік индустрия, инновациялық технологияларға бағытталған заманауи білім беру моделі педагогтың құзыреттілігін арттырып, қоғамда бәсекелестікке шыдас беретін, жан-жақты дамыған жаңа бу-



ынды қалыптастыру институттың негізгі миссиясы.

Сондай-ақ, студенттердің оқу процесін, тұрмыс-тіршілігі мен бос уақытын тиімді ұйымдастыру жолында біздің жоғары оқу орны заманауи зертханалармен, лингафонды кабинеттермен, компьютерлік және интернет дәрісханаларымен, электронды оқу залдарымен толықтай қамтамасыз етілген. Қазақ халқында бағзы замандардан бері «Жерұйық» ұғымы қалыптасқан. «Желмаясына мініп, Жерұйығын іздеген» Асан Қайғының идеясы халқымыздың ғасырлар бойғы аңсаған арманына ұласты. Бабаларымыз төрт құбыласы тең, қазығы берік, мамыражай тіршілігі бар мемлекет құруды, іші мен сырты бүтін мәңгілік ел болуды мұрат етті. Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлтымыздың болашағына қатысты ұлы бағдар ретінде еліміздің рухын көтеретін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын Елбасы Н.Ә.Назарбаев жария етті.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде «Мәңгілік Ел» идеясы – бағзы болмысымыздың, асыл тұрпатымыздың заманауи қайта жаңғыруының, озық, қуатты ел болып гүлденуіміздің кепілі. Осы ақиқат біздің баршамызды бір мақсат, бір мүдде жолында Елбасының төңірегіне бірігіп қызмет етуге жетелейді. Этностарынтымағы мен достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді. Қазақстан халқының татулығы – біздің ең басты байлығымыздың бірі.

Дария ҚОЖАМЖАРОВА,
Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры,
ҰҒА корреспондент-мүшесі,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор

АННОТАЦИЯ ○

Отмечая 25-летие нашей Независимости, мы с особым чувством осознаем, что все достигнутое неразрывно связано с многогранной деятельностью Первого Президента Казахстана, Лидера нации Нурсултана Назарбаева. Эта тема, этот мотив органически входит сегодня в процесс обучения подрастающего поколения, в особенности в наших вузах, способствует воспитанию молодых граждан страны. Об этом – статья Дарии Кожамжаровой, ректора ТарГПИ, члена-корреспондента НАН РК.